



ТАН SAQSHYSY

№35 (6171) 30 тамыз 2025 жыл

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ



30 ТАМЫЗ-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ



Коллажды жасаған лейтенант Н.КАБДУЛОВ



«ҚОРҒАС» –
САУДА МЕН
МӘДЕНИЕТКЕ
АЛТЫН КӨПІР

2



ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ
БӨЛЕНГЕН
ҚОЛБАСШЫ

6



ЕРЛІККЕ
ТОЛЫ ҒҰМЫР

11

30 ТАМЫЗ – АТА ЗАҢҒА АДАЛДЫҚ КҮНІ

Конституция – мемлекеттің жүрегі емес, тәртібі. Ол – әр таңның тыныштығын, әр баланың күлкисін, әр үйдің шамын қорғап тұрған құқықтық келісім. 30 тамызда біз мерекені атап қана қоймаймыз, өзіміздің кім екенімізді, неге сенетінімізді, қандай қоғам құрып жатқанымызды қайта ой елегінен өткіземіз. Ата Заң – қағаздағы әріптер емес, ортақ жауапкершілік.

Қазақстанның картасында мыңдаған шақырымға созылған шекара сызығы бар. Ал сол сызықтың бойында күн сайын көрінбейтін бір уәде орындалып жатады: «Отанның тұтастығы – заңның тұғырында». Шекарашының иығындағы шені – тек қызмет белгісі емес, Конституцияға берілген анттың салмағы. Түн болса – қырағылық, күн туса – сабыр, дауыл соқса – табандылық. Қарапайым адамдар байқамайтын, бірақ олардың тыныштығы үшін жасалатын тірлік.

Ата Заңның бірінші сөздерінен басталатын егемендік пен адам қадірі ұғымдары шекара сызығында нақты мән табады. Шекара – тек өткізу бекеті емес, құқықтың шын мәніндегі шекарасы: заңсыздықтың ішке енбеуі, әділеттің әлсіреп қалмауы, қоғамның қауіпсіз өмірі. Мұнда қаулы да, бап та, тармақ та – бәрі қызметтің демімен тіріледі. Әр құжат тексерілген сайын, әр жүк қаралған сайын біз Ата Заңдағы бір ережені тағы да растағандай боламыз: «Заң бәріне ортақ».

Шекара қызметінің күнделікті өмірінде үлкен ерліктер көбіне үнсіз жасалады. Иттің иіс сезуімен табылған тыйым салынған зат, базада анықталған күмәнді дерек, өзге елдердің азаматтарымен мәдениетті сөйлесіп, заңды түсіндіру – сырт көзге ұсақ көрінсе де, құқықтық тәртіптің іргетасын бекітетін істер. Бұл – Конституциядағы қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, азаматтың құқығын қорғау секілді ұғымдардың нақты көрінісі.

Бүгінгі шекарашы – жаңа буын. Олар технология тілін біледі, заңды жатқа біледі, ең бастысы – анттың мәнін біледі. Өйткені Ата Заңға адалдық – тек ресми рәсім емес, таңнан кешке дейін созылатын өмір салты. Радио байланыстағы қысқа бұйрықтар, базаға түскен деректер, ит жаттықтыру алаңындағы қайталанған жаттығулар – бәрі бір мақсатқа тоғысады: тәуелсіз мемлекеттің тынысын тең ұстау.

Шекарадағы сарбаздың қырағылығы мен судьяның әділ шешімі, мұғалімнің адал еңбегі мен дәрігердің таза жүрегі – бәрінің түп-төркіні бір: Конституцияға

сенім.

Шекара шебінде тұрғандарға қарап, мына ой келеді:

Ата Заң – жоғарыдағы биік



сәреде тұратын қасиетті кітап емес, ол – әр посттағы шам,

әр патрульдің қадамы, әр бекеттегі жауапты сәт. Қоғам заңға сүйенген сайын сабырлы, шекара заңға сүйенген сайын берік. Біз мерекені салтанатты саппен

емес, күнделікті адал еңбекпен қарсы аламыз.

Осы күні біз өз-өзімізден сұрайық: «Мен Ата Заңның қай бабын бүгін өз ісіммен растадым?» Ана ретінде – баламның құқығын қорғадым ба, көрші ретінде – тыныштыққа құрмет көрсеттім бе, қызметкер ретінде – жауапкершіліктен жалтардым ба? Шекарашы бұл сұрақтарға күн сайын жауап береді. Өйткені оның жұмысы – ел шетін күзету ғана емес, қоғамның сенімін күзету.

Конституция – мемлекет пен азаматтың қол алысуы. Сол қол алысты берік ұстап тұрғандардың бірі – шекара қызметі. Біздің бақытты күніміз, тыныш ұйқымыз, еркін еңбегіміз – солардың үнсіз еңбегінің нәтижесі. Сондықтан бұл мереке – олардың да мерекесі. Ата Заңға адалдықтың ең көркем сөзі – адал қызмет.

30 тамыз құтты болсын!

Заңымыздың беделі – өміріміздің берекесі болсын. Шекарамыз берік, бірлігіміз бекем, сеніміміз нық болуы – Ата Заңның шын жеңісі.

**Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР. Сурет
ғаламтордан.**

ҚЫЗМЕТ ОРНЫ – БӨП

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы – еліміз бен көрші ел арасындағы ең ірі шекара өткелдерінің бірі. Бөлім екі ел арасындағы экономикалық, сауда және мәдени байланыстарды дамыту мақсатында құрылған арнайы аймақ болып табылады. Шекара сақшылары екіжақты тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қырағы қызмет етеді.



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құру жобасы алғаш рет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы ресми сапары барысында көтерілген. Ал 2005 жылы екі ел арасындағы негіздемелік келісім жасалып, сауда, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты қамтамасыз ететін кешен ретінде іске қосылды. Қазақстан тарапы 2012 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес бақылау өткізу пунктін ашты.

Шекаралық бақылау бөлімінің тарихы мен дамуы бөлім басшыларының жетекшілігімен тығыз байланысты. 2012 жылдан бастап бөлімді басқарған майор Рафаиль Ахметов бастаған қазіргі уақыттағы подполковник Еркебұлан Нұрлановқа дейінгі жетекшілер ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жауапты қызмет атқарған. Бөлім басшыларының тәжірибесі мен кәсіби дайындығы қызмет сапасының жоғарылығына кепілдік береді.

Бөлімнің жеке құрамы тұратын Нұркент ауылы – замануи инфрақұрылымымен ерекшеленетін, арнайы экономикалық аймаққа қызмет көрсету үшін 2015 жылы іргесі қаланған елді мекен.

Ауылда әкімшілік ғимараттар, мектеп, балабақша, аурухана, спорт кешендері және қызметкерлерге арналған жатақхана-лар бар. Ауыл тұрғындарының негізгі бөлігі – шекара сақшылары мен «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығында жұмыс жасайтын мамандар. Нұркенттегі замануи инфрақұрылым, жолдардың жөнделуі, интернет пен байланыс жүйесінің дамуы бұл аймақты ерекше маңызды етеді. Сондай-ақ, Нұркент – Жібек жолының бойындағы тарихи маңызды орындардың бірі.

Бөлімнің жеке құрамы қоғамдық, мәдени және патриоттық шараларға белсенді араласады. Мысалы, Панфилов ауданының Алмалы ауылында Ұлы Отан соғысына қатысқан ауыл тұрғындарына арналған ескерткіштің жөндеу жұмыстарына ат салысты. Мереке күндері ауылдағы аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек беріліп, мектептерде спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу ұйымдастырылады. 2017 жылдан бастап бөлімде «Жас шекарашылар үйірмесі» жұмыс істеп келеді, оған отызға жуық оқушы қатысады.

Ай сайын шекара сақшылары ауыл әкімшілігімен бірлесіп, жергілікті тұрғындарға шекара-

лық аймақтағы заңдылықтарды түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Шекаралық бақылау бөлімінің етудің тәртіптері түсіндіріледі.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының жұмысы тек заңдылықты қадағалау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етумен шектелмейді. Жеке құрам қоғам өміріне белсенді үлес қосып, халыққа әлеуметтік және мәдени қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, шекаралық бақылау барысында түрлі құқық бұзушылықтар мен заңсыз жүктерді анықтап, тиісті органдарға жеткізіледі. 2025 жылы бірнеше жағдайлар кезінде бақылаушылар заңсыз тауарларды тәркіледі, бұл елдің қауіпсіздігі мен тәртібін сақтау тұрғысынан маңызды рөл атқарды.

«Қорғас» шекаралық бақылау бөлімі – Қазақстан мен Қытай арасындағы сенімді шекаралық тірек, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың кепілі. Мұнда қызмет ететін мамандар ел қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, жастарды патриоттыққа тәрбиелеп, қоғамға үлес қосып келеді!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

ТАСҚАЛАДАҒЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

Еліміздің батыс қап-сы саналатын БҚО бойынша департаментіне қарасты Тасқала шекаралық бақылау бөлімшесіне барған сәттен-ақ мұнда үздіксіз қозғалыстың, жауапкершіліктің, қырағылықтың лебі сезіледі. Таң шапағымен ояңған шекара сарбаздары күн мен түнге қарамай, туған жердің тыныштығын күзетіп, қасиетті борышын адал атқаруда.

Қақпадан аттаған бойда бізді топ офицері Ерасыл Сағынбекұлы қарсы алды. Сол мезетте бір аусым өз міндетін аяқтап, екіншісі қызметін қабылдап жатқан қарбалас шақ еді. Әр шекарашыға нақты тапсырма беріліп, шекараны күзету тәртібі айқындалды. Бір сәтте олар өз орындарына тарап, үлкен бір механизмдей үйлесімді қимылға көшті.

Тасқаладағы өткізу пункті соңғы күндері ерекше қарбалас. Көлік ағыны толасса, әрбір азаматтың құжаты мұқият тіркеліп, жүктер мен машиналар иттердің көмегімен толықтай тексеріледі. Жауған жауынға да, күннің ыстығына да мойымайтын сарбаздардың табандылығы мен қырағылығы байқалады.

Бұл жердегі қызметтік иттер де нағыз жауынгерлер. Неміс пен бельгиялық тұқымды төрт аяқты серіктер иіс сезудің ғажайып қабілетімен талай қылмыстың алдын алып жүр. Аға нұсқаушы Аман Елтаев өзінің сенімді серігі – Федора есімді итімен талай істің бетін ашып үлгерді. Өткен жылы 16 істі анықтаса, биыл тіркелген 13 істің 11-ін сол итпен бірге қолға түсірді. Бұл – шекарашылар еңбегінің өлшеусіз маңызын дәлелдей түсетін мысал.

Әрине, мұндағы сарбаздардың ішінде мақтан етер азаматтар аз емес. Өз ісіне адал Саламат Маратов пен Келдібек Салауатов секілді жас жауынгерлер та-



бандылығы мен мінсіз қызметтері үшін кәсіби мереке қарсаңында көтермелеуге ұсынылды.

Шекараның тыныс-тіршілігіне зер салсақ, бұл жердің өз ырғағы, өз заңдылығы бар. Күн-түн демей үздіксіз ағып жатқан өмір тоқтамайды. Бірі тексеру жүргізіп жатса, бірі итін баптап, енді бірі тереңдетілген бақылаумен айналысуда. Мұнда әрбір қадамда қырағылық, әрбір әрекетте жауапкершілік бар.

Осы бөлімшенің жас офицерлерінің бірі – аға лейтенант Исатай Мыңбайұлы.

Қызылордада дүниеге келген ол «Жас ұлан» мектебін тәмамдап, Шекара академиясында білім алды. Қызметтік бұйрықпен Тасқалаға келген сәтте бөтен өңір болса да, уақыт өте туған жеріндей болып кетті. Жергілікті халықтың қонақжайлылығы мен ұйымшылдығы оны баурап алып, бүгінде ол осында отбасын құрып, әке атанды. «Бұл қызметке келгеніме ешқашан өкінген емеспін. Елдің тыныштығын күзету – мен үшін ең үлкен мәртебе», – дейді ол.

Тасқала шекаралық бақылау бөлім-

шесі – бір қарағанда қарапайым өткел ғана секілді. Бірақ оның ар жағында мыңдаған адамның тағдыры, мемлекеттің тыныштығы мен қауіпсіздігі тұр. Бұл жердің әрбір жауынгері – шекараның ғана емес, халықтың сенімді қалқаны.



**Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».**
Сурет бөлімше
мұрағатынан.

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ СЕНІМДІ КҮЗЕТ

Қазақстан – жері кең байтақ, алыс-жақын елдермен сауда-саттық пен қарым-қатынасты үзбей жалғастырып келе жатқан мемлекет. Сол игілікті байланыстың, қауіпсіз қозғалыстың көпірі – Мемлекеттік шекара. Өздеріне жүктелген осынау жауапты міндетті теміржол торабында қырағы атқарып келе жатқан шекаралық бақылау бөлімшелерінің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Мыңкөл» (теміржол) шекаралық бақылау бөлімшесі болып табылады.

Бұл бөлімше 2003 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №697 қаулысымен ашылып, 2015 жылдың қазан айынан бастап толыққанды қызметке кірісіп, бүгінде халықаралық мәртебесі бар, тәулік бойы үздіксіз қызмет атқаратын шекара бақылау бөлімшелерінің бірі саналады.

Мыңкөл бөлімшесінің әскери қызметшілері күнделікті қызмет барысында есірткі заттарын анықтау, заңсыз тауар әкелудің алдын алу, ел аумағына кіруге шектеуі бар азаматтарды дер кезінде анықтау секілді аса жауапты міндеттерді орындайды. Бүгінде қырағы шекарашылардың ұқыпты жұмыстарының арқасында заңсыз әрекеттердің жолы кесіліп, мемлекеттік қауіпсіздік нығая түсуде.

Мәселен, қызмет барысында «марихуана» есірткі затын әкелу фактілері тіркеліп, Ресей Федерациясының азаматы пайдаланған электрошокер тәркіленген. Сондай-ақ, сот шешімімен Қазақстаннан шығуға тыйым салынған тұлғалар дер кезінде анықталып отырады. Мұның барлығы Мыңкөл шекарашыларының кәсібилігі мен қызметіне адалдығының айғағы.

«Мыңкөл» бөлімшесі тек ел қауіпсіздігін күзетіп қана қоймай, елдің болашағы жастардың тәрбиесіне де ерекше көңіл бөліп келеді. Шекара маңындағы ауыл мектептерімен тығыз байланыс орнатқан бөлімше қызметкерлері оқушыларға әскери-патриоттық дәрістер өткізіп, «Жас шекарашы» үйірмесін ұйымдастырып отыруды үрдіске айналдырған.

Мектеп оқушыларымен бірлескен спорттық ойындар, әскери дайындық сабақтары, пневматикалық қарудан ату бойынша жарыстар өткізіліп, жас ұрпақтың отансүйгіштік рухы нығайтылуда. 9–11 сынып оқушыларына арнап



бөлімшеге танымдық экскурсиялар ұйымдастырылып, қызметтік иттердің із кесу шеберліктері көрсетіліп тұрады. Бұл бастамалар болашақта балалардың шекарашы мамандығына деген қызығушылығын арттырып, ел қорғауға деген ықыласын оятуға септігін тигізеді анық.

2023 жылдың тамыз айынан бері Мыңкөл теміржол шекаралық бақылау бөлімшесінің тізгінін майор Адильбеков Ринат Болатбекұлы ұстап келеді. Іскер, тәжірибесі мол және ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленетін басшы бөлімшенің қызметін жаңа деңгейге көтеріп, жеке құрамның кәсіби даярлығын жетілдіруге баса назар аударып отыр.

Оның сенімді көмекшісі – жас офицер, Шекара академиясының 2023 жылғы түлегі лейтенант Билібай Құсайын Қанатұлы. Жас та болса, болашағынан зор үміт күттіретін шекарашы офицер тәжірибелі әріптестерімен бірге мемлекеттік шекараны күзету ісіне өз үлесін қосып келеді.

«Отан – оттан да ыстық» деген халық даналығын бойына сіңірген Мыңкөл шекарашылары Қазақстанның әрбір азаматының тыныштығы үшін қалтқысыз қызмет етуде. Олардың адалдығы мен қажырлы еңбегі – шекара шебінің мызғымас қорғаны болып қала бермек.



**Майор
Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР».**
Сурет шекаралық
бақылау бөлімшесінен.

ШЕКАРА ШЕБІН КҮЗЕТКЕН – «ҚАРАСУ»



ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті қарамағындағы «Қарасу» шекара бөлімшесі – Қырғызстанмен шекарадағы маңызды шекара бөлімшелерінің бірі. Мұнда күн-түн демей сарбаздар мен офицерлер мемлекеттік шекараны күзетеді.

Шекарашы сарбаздардың күнделікті қызметі оңай емес. Олар кез келген ауа райында – аптап ыстықта да, қарлы боранда да тәулік бойы қырағы күзетте тұрады. Бөлімшенің учаскесінде орнатылған бейнебақылау камералары мен заманауи бақылау құралдары әскери қызметшілердің қырағылығын еселей түседі. Ал сарбаздар мен офицерлердің ұдайы өткізетін жаяу және көлікпен жасалатын шолулары шекара тыныштығының кепілі болып отыр.

«Қарасу» шекара бөлімшесінде тәртіп пен әскери дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді. Жас сарбаздар тәжірибелі командирлердің басшылығымен шыңдалып, нағыз шекарашыға тән төзімділік пен жауапкершілікті бойына сіңіреді. Қызмет барысында олар тек шекара күзетумен шектелмей, заңсыз жүрген шекара режиміне, контрабандаға және басқа да құқықбұзушылықтарға жол бермеу бағытында табанды әрекет етеді.

Сонымен қатар, бөлімшенің жеке құрамы жергілікті халықпен де тығыз қарым-қатынаста. Жыл сайын мектеп оқушыларымен кездесулер, патриоттық тәрбиеге арналған шаралар өткізіліп, жас ұрпаққа шекарашы қызметінің абыройы мен мәртебесі түсіндіріледі. Бұл іс-шаралар жасөспірімдер үшін отансүйгіштіктің үлгісіне айналып, олардың болашаққа



деген сенімін нығайта түседі.

«Қарасу» шекара бөлімшесінің сарбаздары үшін Мемлекеттік шекара – жай ғана сызық емес, ол – тәуелсіздіктің тірегі, елдіктің белгісі. Сондықтан да олардың әрбір қадамы мен әрбір кезекшілігі – халық тыныштығының, бейбіт өмірдің кепілі.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН**
«ОС-ЧР». Суреттер
бөлімше қорынан.

«МАЙТОЛҒАЗЫ» – МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – егемендігіміздің символы, тәуелсіздігіміздің берік шебі. Сол шекараны күндіз-түні күзетіп, ел тыныштығын сақтап отырған ерлердің бірі – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты. 1968 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан шекара бекеті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқаруда.

Абай облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылында орналасқан «Майтолғазы» шекара бөлімшесі – 1968 жылдан бері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғау ісінде маңызды рөл атқарып келеді. Бөлімше құрылған сәттен бастап, ел қауіпсіздігін сақтау мақсатында үздіксіз қызмет етіп, шекараны сенімді күзетумен айналысып келеді. Мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету – тек әскери бөлімшенің ғана емес, бүкіл елді мекен тұрғындарының да ортақ борышы. Осы мақсатта бөлімше жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатып, бірлесе жұмыс атқарады.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі қазіргі заманғы талаптарға толықтай сәйкес келеді. Мұнда қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу қалашықтары, автотұрақтар мен түрлі бағыттағы қоймалар қарастырылған. Сондай-ақ бөлімшенің аумағы мен жауапты учаскелері қажетті инженерлік құрылыстармен, тосқауылдармен қамтамасыз етілген.

Бөлімше штаты толық қамтылған, олардың барлығы өз саласының білікті мамандары. Шекарашылар – отансүйгіштік пен қайсарлықтың символы. Әр әскери қызметші елге берген антына адалдық танытып, Қазақстан шекарасын сенімді қорғау жолында аянбай еңбек етеді.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесінің негізгі міндеттері мына-

лар: Мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзету, есірткі, психотроптық заттардың елге заңсыз кіруіне тосқауыл қою, шекара бұзушылық әрекеттердің алдын алу, діни-экстремистік топтардың ел тыныштығын бұзуына жол бермеу, жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен бірлесіп шекараны қорғау.

Бөлімше өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Әскери Жарғыларға және басқа да заңнамалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

Шекарашылардың күнделікті қызметі – мемлекеттік шекараны күзетуге қатысу және бөлімшенің қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларын орындау. Күн сайын әскери қызметшілер жоспарлы сабақтарға қатысып, тәжірибелік жаттығулар өткізеді. Сондай-ақ шекарашылардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында теориялық және практикалық оқыту жүйелі түрде ұйымдастырылады. Физикалық дайындық – әрбір шекарашы үшін маңызды талап. Олардың дене дайындығы, жауынгерлік қабілеті мен психологиялық тұрақтылығы жоғары деңгейде болуы шарт.

Қазіргі таңда «Майтолғазы» шекара бөлімшесі шекараны қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде заманауи техникалық құралдарды кеңінен қолданады. Пилотсыз ұшу аппараттары, бейнебақылау жүйелері мен түрлі байланыс құралдары арқылы шекара қызметін жетілдіру жолында

ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Шекара бөлімшесі жергілікті халықпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Әкімдік, мектептер және қоғамдастық өкілдерімен бірлесе отырып, түрлі мәдени, патриоттық және тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Бөлімше ұйымдастыратын шаралар қатарында: Ашық есік күндері, патриоттық тәрбие беру мақсатында мектеп оқушыларымен кездесулер, бірлескен рейдтік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары бар. Бұл жұмыстар жас ұрпақтың бойында патриотизм мен мемлекеттік шекараға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі көптеген шекара бұзушыларды құрықтауда көзге түскен. Олардың бірі – 2014 жылы Қазақстан Республикасынан заңсыз өтпек болған Қытай Халық Республикасының азаматын ұстау оқиғасы. Бұл жағдай бөлімше қызметкерлерінің жоғары кәсібилігі мен шекара күзетіндегі табандылығын айқын көрсетті.

Шекара бөлімшесі алдағы уақытта шекараны қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруді, жаңа технологиялар мен байланыс құралдарын енгізуді жоспарлап отыр. Бөлімше қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту да басты назарда.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақта орналасқандықтан, екі елдің шекара қызметтері тығыз ынтымақтастық



орнатқан. Өзара тәжірибе алмасу, бірлескен патрульдеу және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүргізіледі.

Бөлімше өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында әскери-патриоттық жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырады. Мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіп, шекарашы мамандығының маңыздылығын түсіндіреді.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген ұстанымды негізге ала отырып, шекара қауіпсіздігіне әрбір азаматтың үлес қосуы қажет екендігі жастарға насихатталады.

Капитан Ильясов Ералы Қалқаманұлы – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің бастығы. 1996 жылы Абай облысы Аягөз қаласында дүниеге келген. 2018 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, шекара қызметінде бірнеше жылдық тәжірибе жинақтады. 2021 жылдан бастап бөлімше бастығы лауазымын атқарып келеді. Оның басты мақсаты – шекара күзетін жетілдіру және әскери тәртіпті нығайту.

Лейтенант Нұрмағамбет Рахым Райымбекұлы бөлімше бастығының орынбасары. 2001 жылы Алматы қаласында туған. 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, «Майтолғазы» шекара бөлімшесінде қызмет жолын бастады. Өз ісіне берілген, болашақта елдің шекара қауіпсіздігін нығайту жолында аянбай еңбек етуді мақсат тұтқан офицер.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының сенімді қорғаны. Мұндағы әрбір шекарашы өз елінің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін адал еңбек етеді. Бөлімше келешекте де өз міндетін жоғары деңгейде атқара отырып, ел шекарасының берік қорғаны болып қала береді!



**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,**
«ОС-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ТІРЕГІ

1999 жылғы 7 қыркүйек – Қазақстанның мемлекеттік шекарасын күзету тарихында ерекше күн. Дәл осы күні Сарыағаш ауданы Бостандық ауылындағы ескі мектеп ғимаратында «Ынтымақ» шекара бекеті өз жұмысын бастады. Алғашқы жылдары демаркация жұмыстары толық аяқталмағандықтан, шекарашылар Ашынай өзенінің бойын күзетті.



Жаңа «Достық-2» қалашығына көшкен бөлімше 2014 жылдан бастап толыққанды заманауи ғимаратта қызметін жалғастырып келеді. Бөлімше аумағы қоршау-тосқауыл сымдарымен жабдықталған, арнайы техникалық бақылау құралдары,

бейнебақылау жүйесі, түнгі көру құрылғылары мен тепловизорлар, сондай-ақ қызметтік иттер мен автокөліктер қолданылады. Мұндай көшенді жүйе шекараны заңсыз бұзушыларға, қарулы топтарға және контрабандалық әрекеттерге қарсы сенімді қорған болып отыр.

2025 жылдың өткен кезеңінде бөлімше қызметкерлері мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуге әрекет жасаған деректі анықтап, ҚР Қылмыстық кодексінің баптарымен іс қозғады. Сонымен бірге жыл басынан бері мемлекеттік шекаралық режимді бұзудың фактілері, көші-

қон заңнамасын бұзудың деректері тіркеліп, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл – шекарашылардың қырағылығы мен кәсібилігінің айқын дәлелі.

2025 жылы «Ынтымақ» шекара бөлімшесі Сарыағаш шекара басқармасы ұйымдастырған ин-

женерлік айлық байқауда үздіктер қатарынан көрінді. Олар «Үздік макет» номинациясы бойынша 1-орынды иеленіп, қызметтік көпірге күтім көрсету бойынша 3-орынға қол жеткізді. Бұл жетістіктер шекарашылардың тек қауіпсіздік ісінде ғана емес, техникалық даярлық пен шығармашылық ізденісте де алдыңғы қатарда екенін көрсетті.

«Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің тұғыры, халықтың тыныштығы мен бейбіт өмірінің кепілі. Заманауи техника, қырағы көз және мықты тәртіп – шекара қауіпсіздігінің негізгі тірегі. Бірақ ең бастысы – сол шекарада тұрған ер жүрек азаматтардың адалдығы мен қайсарлығы», – дейді бөлімше бастығы капитан Нұрбек Қалиқанұлы Құсайын. Оның ойынша, шекара күзету – ұлт намысы, ел ертеңін қорғау, тәуелсіздікті мәңгі ету жолындағы қасиетті міндет. Нұрбек Құсайын сөзін батыр Бауыржан Момышұлының: «Отанға деген сүйіспеншілік ата-анаға, бауырларына, ауылына, туып-өскен қаласына, ұлтына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген нақылымен түйіндейді.

«Ынтымақ» шекара бөлімшесінің тарихы – елге адал қызмет етудің, қырағылық пен батылдықтың тарихы. Бүгінде бұл бөлімше Қазақстан шекарасының сенімді қорғаны болып, тәуелсіздігімізді нығайтуға үлес қосып келеді.



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Сурет
шекара
бөлімшесінен.

КӨКТЕКШЕДЕГІ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС

Мемлекеттік шекараның берік күзетілуі мен шекараның мызғымас тыныштығы үшін шекарашылар күндіз-түні тәулік бойында қызметте жүреді. Қасиетті Отанымыздың әрбір сүйем бұрышын қызғыштай қорғау – ата-бабамыздан қалған аманат екендігін жете түсінетін шекарашылар мемлекеттік шекара күзетіне зор жауапкершілікпен қарайды.

«Шаған-Оба» бекетінің негізгі міндеті – шекара нарядына шығатын әскери қызметшілердің тұрақ орнын қамтиды. «Шаған-Оба» бекетін жаңадан салып, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, әскери қызметшілердің алаңсыз қызмет етуіне қолайлы жағдай жасауды ұйымдастырған «Шілікті» шекара бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы майор Е. Дүйсенов болды. «Жұмыла көтерген – жүк жеңіл», – дегендей, көпшілік әскери қызметшілер мен жауынгерлердің ерінбей еңбек етуінің нәтижесінде жаңа бекет бой көтерді. Сонымен қатар, бекет жанындағы спорт қалашығы, көлік тұрағы, қызмет атқару орындары жаңаланды.

«Шаған-Оба» бекетін салуға ат салысқан әскери қызметшілерді атап айтсақ: «Көктекше» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары аға лейтенант Н. Әріпбай, шекара бөлімшесінің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері барлаушы сержант А.Нұрғалиев, аға жүргізуші Э. Ришатұлы, ефрейторлар Б. Отанбекұлы, А. Калабаев, А. Әбілсейітұлы, М. Мұрат, Е. Ақан, қатардағы жауынгер Б. Дулатов және «Шілікті» шекара бөлімінің старшинасы аға сержант Ж. Разханұлы, жүргізуші аға сержант Р. Ганиевтердің де еңбектері орасан зор. Зайсан ауданының жеке кәсіпкерлері Э.Бабаев пен Е.Сүлейменовтердің тарапынан да қолдау болды.

Шекарашылар – елдің қорғаны, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қуатты әскер. Мемлекеттік шекараны күзетуде шекарашылар аянбай еңбек етуде. Отанға, жерге деген сүйіспеншілікті әр кез дәлелдеп келе жатқан шекарашылардың өмірлері жас ұрпаққа үлгі-өнеге.



Подполковник
Г. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.

ҚР ҰҚК ШҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Көктекше» шекара бөлімшесінің мемлекеттік шекара аумағындағы «Шаған-Оба» бекеті жаңадан бой көтерді. Жалпы «Көктекше» шекара бөлімшесі 1965 жылы құрылған болатын, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы, Шілікті ауылдық округінде теңіз деңгейінен –1760 метр биіктікте, Шаған-Оба өзенінің, Сауыр тауының бойында орналасқан.



ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ҚОЛБАСШЫ

Тарих сахнасында туған жерін қорғап, елінің тыныштығы үшін тер төккен ердің еңбегі – мәңгілік. Халық жүрегінде сақталған адал қызмет ешқашан ұмытылмайды. 25 тамыз күні ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Орталық аппаратында өткен салтанатты жиын да – осындай қастерлі сәттің айғағы. Бұл күн шекара шебін берік ұстаған ардагер қолбасшының өмір жолына тағзым еткен, елдің абыройын асқақтатқан тарихи белеске айналды. Дәл осы күні Президент Жарлығымен берілген жоғары мемлекеттік марапат салтанатты түрде табысталды.

ҰҚК Шекара қызметінің директоры генерал-майор Ерлан Алдажұманов ардагерге «Даңқ» орденін кеудесіне тақты. Сол мезетте жарқ ете түскен орден нұры – тек бір адамның ғана емес, тұтас шекара қызметінің еңбегіне берілген бағадай болды. Жиналғандардың жанарында мақтаныш ұшқыны ойнап, жүректерін толқыныс көрнеді. Орден – адалдық пен ерліктің, төзім мен қайсарлықтың мәңгілік белгісіндей жарқырап тұрды. Ардагер қолбасшы Болат Сейітқазыұлына сонымен бірге мерейтойлық медаль мен ардагерлер ұйымдарының арнайы марапаттары да табыс етілді. Жиынға қатысқан офицерлер мен сарбаздар, ҰҚК ардагерлері мен «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері ыстық ықыластарын білдіріп, ел қорғанына ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, сарқылмас



күш-қайрат тіледі.

Болат Сейітқазыұлының өмір жолы – бір дәуірдің айнасы. Ол 1950 жылы Шығыс Қазақстан облысының Зайсан өңірінде дүниеге келіп, жас күнінен Отан қорғауды армандады. Алматыдағы Жоғары шекаралық командалық училищеде білім алып, Күршім шекара отрядында офицерлік қызметін бастады. Кейін төрт жыл бойы Ауғанстанда әскери кеңесші болып, ерік-жігері мен рухын шыңдады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары – ел тарихындағы ең күрделі кезең еді. Дәл осы сындарлы шақта Болат Сейітқазыұлына аса жауапты міндет – мемлекеттік шекараны қорғау жүйесін құру жүктелді. Ол Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара әскерлерінің қолбасшысы болып тағайындалып, жаңа шекара отрядтары мен заставаалардың іргесін қалады. Оның басшылығымен «Мемлекеттік шекара туралы» және «Шекара әскерлері туралы» заңдар қабылданып, көршілес елдермен шекараны белгілеу, делимитация және демаркация жұмыстары атқарылды. Осылайша жас мемлекеттің қауіпсіздігі нығайып, іргесі бекемделді.

Бүгінде генерал-лейтенант Болат Сейітқазыұлы Закиевтің есімі – Шекара қызметі тарихында алтын әріппен жазулы. Ол – темірдей тәртіптің, әділдіктің әрі қарапайымдылықтың символы. Оның өмір жолы мен ерлікке толы ғұмыры жас сарбаздарға әрдайым өнеге болып қала бермек.



Подполковник
Ж.КЕМЕЛ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген
қатардағы жауынгер
Д. КУАНЫШЕВ.

КУРСЫ

ПОВЫШАЯ КВАЛИФИКАЦИЮ

В Департаменте ПС КНБ по Мангистауской области завершился специализированный трехнедельный водолазный тренинг по подготовке инструкторов и технических специалистов по обслуживанию водозаборного оборудования с участием военнослужащих Береговой охраны.

Обучение проводилось при содействии Офиса программ Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ), действующего в г. Астана. В качестве инструкторов выступили опытные специалисты-водолазы, сертифи-

цированные по международным стандартам.

Программа обучения включала три этапа: теоретическую подготовку, практические занятия в бассейне и погружения в открытом море. В общей сложности каждый участник тренинга провел под водой свыше 30 часов.

По завершению курса 15 военнослужащим присвоена квалификация водолаза 4 разряда, 5 военнослужащих успешно подтвердили квалификацию водолазов-инструкторов 6 разряда.

Особенностью данного тренинга стало то, что часть занятий проводили уже сертифицированные казахстанские инструкторы, ранее прошедшие обучение при поддержке ОБСЕ. Это позволило им не



только закрепить свои профессиональные навыки, но и приобрести ценный педагогический опыт.

– Программа обучения была выстроена на высоком профессиональном уровне и соответствовала международным требованиям. Участники не только повысили личную квалификацию, но и овладели современными методиками подводной работы, – подчеркнул важность подготовки инструкторов начальник управления обеспечения кораблей и катеров департамента капитан 2-го ранга Бауыржан Мамбеталиев.

На церемонии закрытия тренинга первый заместитель начальника

Департамента – начальник штаба капитан 1-го ранга Данияр Мальчубаев выразил признательность специалистам ОБСЕ за плодотворное сотрудничество и высокую организацию учебного процесса:

«Благодарю инструкторов Офиса программ ОБСЕ за качественную подготовку наших военнослужащих. Полученные знания и практический опыт будут эффективно применяться при выполнении задач по охране государственной границы. Рассчитываем на дальнейшее развитие совместных программ в данной области».

Офис программ ОБСЕ в Астане оказывает всестороннюю под-

держку национальным правоохранительным и пограничным структурам Казахстана. Основные направления работы включают противодействие транснациональным угрозам, профилактику насильственного экстремизма и радикализации, борьбу с терроризмом и киберпреступностью.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото
капитана
2-го ранга
Б. МАМБЕТАЛИЕВА.

ДОСТЫҚТА ШЕКАРА ЖОҚ

Қазақ-қырғыз шекарасындағы «Кеген» шекаралық бақылау бөлімшесі және көрші елдің «Қарқыра» өткізу пункті 25 тамыздан бастап, тәулік бойы жұмыс режиміне көшті. Қос мемлекеттің арасын бөліп тұрған сызықтың бойында өткен рәсім – соның айғағы.



ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің «Кеген» шекаралық бақылау бөлімшесінде енді жолаушыларға тәулік бойы қызмет көрсетіледі. Бұған дейін бөлімше бақылаушылары тек күндізгі уақытта ғана жұмыс істеп келген.

Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттері туралы 2003 жылғы 25 желтоқсандағы келісімге өзгеріс енгізу жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Заңы күшіне енуіне байланысты жүзеге асырылды. Соған сәйкес «Кеген» және көрші қырғыз тарапындағы «Қарқыра» өткізу пунктері 24/7 режиміне көшті.

Жаңа тәртіпке орай, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Директорының орынбасары генерал-майор Телужан Жүнісов, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюпов, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы Нұртай Сахиев көрші әріптестерімен шекара бойында арнайы кездесіп, жаңа қызметтің тұсаукесер рәсімін өткізді.

«Тамырлас ел – тағдырлас ел» демекші, бүгінгі алқалы жиынды қос халықтың өкілдері де қым-ғуыт қарбаласпен қарсы алып жатқанының үстінен түстік. Атақты Қарқара жәрмеңкесі өткен, әлем таныған ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қилы заманындағы» тарихи оқиғалардың куәсіне айналған шекараның

қақпасы 14.00-де ашылып, екі елдің Әнұраны орындалатын сәтті тағатсыздана тосқан жұртшылықтың жүздерінен қуанышты көрдік.

...Ақыры тарихи сәт те басталған. Генерал-майор Т.Жүнісов бастаған топ шекара түбінде көрші әріптестерімізді құшақ жая қарсы алды. Мына кереметті қараңыз, манадан бері осыны күткендей, жаңбыр да себелеп ала жөнелген. Мұны қос елдің де бұқаралық ақпарат

құралдары өкілдері – әсіресе қазақ халқының шайыры қалт жіберсін бе, «аспаннан жауған нұрға» балаған. Домбырасын бебеулетіп, ақ түйенің қарны жарылған күнді жылға қосқан ақынды табиғат ана да елжірей тыңдап тұр еді...

«Достықта жоқ шекара» атты рәсім екі елдің Әнұранымен ашылған соң, Қазақстан-Қырғызстан елдері Шекара қызметінің басшылары сөз алып, бүгінгі жиынның маңызына ерек-

ше тоқталды.

Иә, айтса айтқандай, Кеген бағытындағы шекаралық бақылау бөлімшесінің күндізгі уақытта ғана жұмыс істеуі – шекара асу үшін жолға шыққан жолаушыларға қолайсыздық туғызып келген еді. Түрлі себептермен уақытынан кешіксе, екі ел азаматтары шекарадан өте алмай, таңның атуын күтетін. Енді олай болмайды, жоғарыда жазғанымыздай, Үкіметаралық келісімдерге сәйкес, өткізу пунктері тәулік бойы

жұмыс кестесіне көшті. Бұл өз кезегінде туризм кластерін дамытуға мүмкіндік береді. Себебі, Ыстықкөл мен Көлсайда және Шарын шатқалында демалушылардың қатары жыл өткен сайын еселеп артып келеді.

Қазақстан тарапында өткен жиынның соңы көшпелі мұражайда ұласты. Қонақтарды мұнда алдымен ұлттық нақышта киінген қазақ батырлары мен садақ ұстаған жауынгер қыздары еліміздің брәндіне айналған тазы және бүркітпен қарсы алған. Әрі қарай, Кеген аудандық өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі Индира Рамазанова жиналған қауымға өңір тарихынан сыр шерткен. Сондай-ақ, қонақтар Заманбек Нұрқаділов атындағы балалар өнер мектебінің қолөнер туындыларымен танысты.

Рәсім көрші қырғыз жерінде жалғасып, ведомство басшылары Райымбек және Ыстықкөл ауданы бойынша шекара басқармаларының бастықтарына өткізу пунктерінің жұмысын тәулікке ауыстыруға бұйрық берді.

Міне, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан «Кеген» және «Қарқыра» шекаралық бақылау бөлімшелерінде өткен рәсім – жолаушыларға берілер жаңа мүмкіндіктердің тұсауын кесті.



ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

КОМАНДИРСКАЯ ШКОЛА

На северных рубежах Казахстана служит офицер – начальник пограничного отдела «Узынколь» Департамента ПС по Костанайской области капитан Ильяс Раисов. Ему 29 лет, но за его плечами уже немалый опыт: десятки принятых решений, пройденные километры пограничной полосы, задержания нарушителей и, что особенно важно, вера людей, с которыми он служит.



История Ильяса началась в Усть-Каменогорске, в семье, где уважали труд и знали цену дисциплине. Его отец – Ержан Калижарович, когда-то мечтал служить в Пограничной службе, но судьба распорядилась иначе. Ильяс эту мечту воплотил: окончил спортивный интернат, где занимался греко-римской борьбой, стал кандидатом в мастера спорта, а затем поступил в Академию ПС КНБ, окончив ее в 2018 году на красный диплом.

Ильяс начал службу заместителем начальника заставы «Талсай» Петропавловского пограничного отряда. Через два года уже возглавил заставу «Бозбие», а в 2023 году стал заместителем начальника пограничного отдела «Узынколь». С 6 октября 2024 года – начальник отдела.

Под его руководством предотвращено множество попыток незаконного пересечения границы. Но сам Ильяс Раисов считает главным не цифры, а то, что личный состав способен работать слаженно, уверенно и по-современному.

Офицер не относится к числу тех руководителей, которые довольствуются привычными методами. Для него охрана границы – это комплексный процесс: строгая дисциплина, постоянная подготовка личного состава, внедрение современных технологий. Так, совместно с районными акиматами в пограничные отделения переданы дроны, которые теперь работают в патрулировании.

Он требует многого от подчиненных, но еще

больше – от себя: «Командир должен уметь принимать решения и отвечать за них. Дисциплина – это не сухость и не страх. Это уважение к делу, которому мы служим, – подчеркивает Ильяс.

За сухими цифрами статистики скрываются человеческие истории. В отделе Ильяса Раисова ведется активная работа с приграничными школами: встречи, уроки мужества, военно-спортивные соревнования, дни открытых дверей. Для ребят – это возможность увидеть службу изнутри, для пограничников – передать эстафету поколений.

Его брат Диас тоже выбрал путь пограничника, сестра Дильназ еще учится в школе. Сам Ильяс женат, воспитывает сына и говорит, что семья для него – не просто поддержка, а тыл, который помогает идти вперед даже в самых сложных условиях.

Ильяс Раисов не любит давать громких напутствий. Он просто работает. Каждый день. В любую погоду. В любой обстановке.

– Успех службы не в словах, а в том, насколько крепко стоит граница. Для этого нужна не только техника, но и уверенные в себе люди. Вот над этим я и работаю, – резюмирует пограничник.



Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР». Фото из личного архива И. РАИСОВА.

ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ АҒА ТЕХНИК

Еліміздің түкпір – түкпірінде берік қалқанда-рымыз кірпік қақтастан қызметтерін абыроймен атқарып жүргендері баршамызға мәлім. Сондай айбынды шекарашыларымыздың бірі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Әйтеке би» шекара бөліміне қарасты «Майтөбе» шекара бөлімшесінің аға технигі сержант Саясат Аликович Косуаков.

Ол 1990 жылдың 1 қазанында дүниеге келген. Бала-лық шағы ауылдың кең даласында, еңбекқор жандардың ортасында өтті. Болашақта ел қорғаушысы болатынын ол сол кездің өзінде-ақ жүрегімен сезінгендей еді. Себебі, Майтөбе ауылындағы шекара бөлімшесінің шекарашы-ларына бой түзеп әскери қызметші боламын деп өсті.

Ол Ақтөбе облыстық педагогикалық институтының спорт факультетіне оқуға түсіп, кәсіби спортшы әрі ұстаз болуды мақсат етті. Дегенмен, ел алдындағы борышын өтеу ең басты парыз екендігін түсінген Саясат Косуаков 2009 жылы академиялық демалыс алып, әскер қатарына шақырылды.

Әскерден оралған соң, өз білімін де, тәжірибесін де ел игілігіне жұмсауды мақсат тұтқан ол 2010 жылдан бастап тәртіп сақшысы ретінде қызмет атқара бастады.

Ол 2014 жылдың 12 желтоқсанынан бастап еліміздің ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты Майтөбе шекара бөлімшесіне есеп топ нөмері лауазымына қабылданып, шекара шебін күзету ісіне білек сыбана кірісті. Араға бір жыл салып атқыш жүргізуші лауазымына ауысып, жауапкершілігінің арқасында аға жүргізуші лауазымына дейін көтерілді. Бүгінде ол 11 жылдан астам уақыт тәжірибесі мол, білікті, өз ісіне



адал маман.

Қызмет барысында ол тек техникалық бағыттағы жұмыстарды ғана емес, жас шекарашыларға тәлімгерлік етуді де өзіне парыз санайды. Саясат Аликовичтың өмір жолы – қарапайым ауыл баласының табандылық пен еңбекқорлық арқылы ел шебінің қорғаны атанғанының жарқын дәлелі. Оның адал еңбегі, Отанға деген сүйіспеншілігі мен азаматтық жауапкершілігі жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.



**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

ГАРБАШОВА АЛЕНА — ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ПЕН СПОРТТАҒЫ ЖЕҢІСТЕРДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Әскери қызмет пен спортты қатар алып жүрген табанды жанның бірі – қатардағы жауынгер Гербашова Алена. Ол өзінің кәсіби біліктілігімен де, спорттағы жоғары жетістіктерімен де ел қорғаны болуға лайықты тұлға екенін дәлелдеп келеді. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп жүрген Алена – нағыз патриотизм мен жанқиярлықтың үлгісі.

1998 жылы Алакөл ауданында дүниеге келген Алена балалық шағын Үшарал қаласында өткізіп, ерте жасынан еңбекқорлық пен мақсатшылықтың не екенін бойына

сіңіріп өсті. Отбасында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі берік қалыптасқан. Әкесі Сергей Александрович – запастағы шекарашы әрі авиамеханик, ал анасы Надежда Владимировна – кәсіби спортпен айналысқан жан. Осындай әскери және спорттық тәртіп үстемдік еткен ортада өскен Алена кішкентайынан жігерлі, тәртіпті, әрі ұқыпты болып қалыптасты. Бұл қасиеттері кейін оның өмірлік жолын айқындауға үлкен септігін тигізді.

Арнайы орта білімін қызыл дипломмен аяқтап, «фельдшер» мамандығын иеленген Алена еңбек жолын Алакөл аудандық орталық ауруханасында бастап, кейін стоматология саласында бас медбике қызметін атқарды. Алайда бала күнінен бойына дарыған отансүйгіштік қасиет оны әскери қызметке жетеледі. ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаменті «Алтай» шекара бөлімі «Үлбі» шекара бөлімшесіне медициналық қызметкер болып еңбек жолын бастады.

Қазіргі таңда Гербашова Алена шекара аймағында қызмет атқарып, әскери қызметшілердің денсаулығын қадағалап, әртүрлі жағдайларға дер кезінде көмек көрсетіп жүр.

Әскери саладағы қызметіне қарамастан, Алена спорттан да қол үзген емес. Мектеп қабырғасынан-ақ волейбол мен шаңғы спортына әуестенген ол бұл бағытта да толағай табыстарға жетті. 2025 жылдың сәуір айында Шығыс Қазақстан облыстық жарыстарында әйелдер арасында қызметтік биатлоннан алтын жүлде иеленіп, жеңіл атлетикадан да үздік деп танылды. Ал шілде айында өткен республикалық спартакиадада ҚР ҰҚК Шекара қызметі атынан қатысып, қызметтік биатлоннан алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар Макаров тапашасынан ату сайысында ең үздік әйел мерген атануы – оның тек төзімділік пен ептілікке ғана емес, дәлдік пен шеберлікке де ие екенін көрсетеді.

Қызмет барысында да Аленаның әскери шеберлігі жоғары бағаланды. Әскери жаттығулар кезінде АК-74 автоматынан көрсеткен дәлдігі мен ептілігі үшін бірнеше мәрте марапатталды. Бұл оның әскери дайындықтағы кәсіби деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

Гербашова Аленаның өмір жолы жастарға өнеге, әсіресе қыз-келіншектерге мақсат қойып, оған жету жолында қандай да қиындықтарға мойымай, алға ұмтылудың айқын үлгісі. Спорт пен әскери қызметті қатар алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Алайда Алена бұл жолда қайсарлық танытып, талай асуды бағындырды.

Отан алдындағы адал қызметі мен спорттағы жоғары жетістіктері – Гербашова Аленаның ерік-жігері мен рухының биіктігін көрсетеді. Осындай жанкешті, еңбекқор әрі отансүйгіш азаматтар еліміздің қорғаныс қабілетін арттырып, ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

**Подполковник
Г. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».**
Сурет шекара басқармасынан.

ЖАУЫНГЕРГЕ СЕРІК, ЖАНУАРҒА ҚАМҚОР МАМАН

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Жарбұлақ шекара бөлімінде абыроймен қызмет атқарып жүрген прапорщик Анаканов Руслан Мұхаметқалиұлы – әскери салада біліктілігімен танылған тәжірибелі маман. Ол шекарадағы қызметтік жануарлардың саулығына жауап беріп қана қоймай, бөлімнің жауынгерлік қабілетінің әрдайым жоғары деңгейде болуына да үлесін қосып келеді.

1978 жылы Семей облысы Үржар ауылында дүниеге келген Руслан Мұхаметқалиұлы туған жеріне адалдығымен, еңбекқорлығымен және қарапайым мінезімен жұртшылыққа жақсы таныс. 1995 жылы ауылындағы Абай атындағы мектепті бітіріп, арман қуған жас жігіт Семейдегі Шәкәрім атындағы университетке түсіп, ветеринария мамандығын таңдады. Бұл мамандық – елге қажет, қоғамға пайдалы бағыт екендігін ол жақсы түсінді.

Әскер қатарына шақырылғаннан кейін Мақаншыдағы 2086 әскери бөлімінде мерзімді қызметін өтеп, әскери өмірдің қатаң тәртібіне төселді.

2002 жылдан бастап Жарбұлақ шекара бөлімінде ветеринарлық фельдшер лауазымын иеленген ол алғашқы күннен-ақ кәсіби біліктілігін көрсетті. Шекарадағы қызметтік жануарлардың дайындығы, бөлімдегі малдардың күтімі, санитарлық талаптардың орындалуы – бәрі де оның тікелей



қадағалауында болды. Қызметтік жануарлардың шекара күзетінде қандай маңызы барын жақсы түсінген Руслан Мұхаметқалиұлы әрбір жануардың бабында болуына аса мән береді.

Оның қолынан өткен қызметтік жануарлардың дені қайтадан сапқа қосылып, ел шекарасын күзетуде өз міндетін жалғастырады. Бұл оның кәсіби шеберлігінің және жануарларға деген шынайы ықыласының айғағы.

2011 жылдан 2021 жылға дейін 2086 әскери бөлімінің ветеринарлық лазаретінің бастығы болып, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Бұл жылдар ішінде ол ветеринарлық бағыттағы жұмыстарды жүйелеп қана қоймай, жас мамандарға тәлімгер болды.

2021 жылдан бері Жарбұлақ шекара бөлімінің ветеринарлық фельдшері болып қызметін жалғастырып келеді. Қай істе болмасын ұқыптылықты талап ететін ол бөлімдегі әрбір сарбазға үлгі бола білді.

Әскери қызмет пен отбасы өмірін қатар алып жүрген Руслан Мұхаметқалиұлы – адал әке, ардақты жар. Жұбайы – Анаканова Лұйза Вахаевна. Үлкен ұлы Мұхаметқали Дәулетбек Русланұлы – әкесінің жолын қуып, Шекара қызметінде қызмет атқарып жүр. Ол Райымбек ауданының шекара басқармасына қарасты Кеген шекаралық бақылау бөлімшесінде бөлім бастығының орынбасары лауазымын атқарады, әскери шені – аға лейтенант. Бұл – әке еңбегінің жалғасы, ұрпаққа өнеге.

Көп жылғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының атынан бірнеше мәрте алғысқа ие болған.

Прапорщик Анаканов Руслан Мұхаметқалиұлының өмір жолы – жас сарбаздарға үлгі, ал шекара шебіндегі адал еңбегі – Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің көрінісі. Ол секілді азаматтардың қажырлы қызметінің арқасында Қазақстан шекарасы берік, ел тыныштығы баянды болып отыр.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».**
Сурет шекара басқармасынан.

ҮЗДІК САРБАЗ

ЖҮРЕКТЕГІ БОРЫШ...

Әр қазақ баласының жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімі ерекше орын алады. Бұл қасиет атадан балаға жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып келеді.

Сол аманатты арқалап, елінің тыныштығы мен шекарасының мызғымастығын күзетуге аттанғандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жетісу» шекара бөлімшесінің көлік жүргізушісі қатардағы жауынгер Нұрберген Қанатұлы.

Нұрберген – Жетісу облысы Панфилов ауданы, Жаркент қаласының тумасы. Ол – жанұясының жалғызы болса да, ата-анасының батасын алып, «Көктем-2025» шақырылымымен әскер қатарына қосылды. Оның Отан алдындағы борышын өтеуі – жай ғана әскери міндет емес, жүрек қалауымен, бала күнінен бойына сіңген арманының жүзеге асуы десек



те болады. Өйткені әкесі де кезінде Зайсан шекара отрядында ел шебін күзетіп, сарбаздық жолдан өткен. Ұлдың бойындағы патриоттық рух та әке өсиетімен, шаңырақтағы өнегемен қалыптасқан.

Әскерге дейін Нұрберген медициналық колледжді «Емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдап, аудандық емханада төрт ай дәрігерлік көмек көрсетіп үлгерді. Жастайынан ізденімпаз, алғыр жігіттің адам жанына араша болуға талпынуы оның мейірімді жүрегін танытса, жыр өнеріне жақындығы рухани байлығын көрсетеді. Аудандық, облыстық айтыстарда жүлдегер атануы – қара сөзбен өретін өнерге де бейім екенін көрсетеді.

Қатардағы жауынгердің әскери өмірге бейімделуі қиын болмады. Өйткені Нұрберген бала кезінен шекарашы болуды арман еткен. «Әкем жүрген жолды мен де жалғаймын» деген ұстанымымен ол сарбаз сапында шынығып жүр. Әскер қатарында болу – оның азаматтық тұлғасын қалыптастырып қана қоймай, болашаққа деген сенімін де арттыруда.

Жалғыз ұлдың ел қорғауға аттануы – үлкен ерлік. Бұл – ата-анасының елге деген құрметінің, тәрбиесінің нәтижесі. Нұрбергеннің таңдауы арқылы біз жас ұрпақтың бойындағы отансүйгіштік рухтың әлі де биік екенін көреміз.

Бүгінде Нұрберген Қанатұлы – Жетісу шекара бөлімшесінің сарбазы. Ол үшін бұл – мақтаныш, ел үшін – сенім, болашақ үшін – үлгі. Оның жүрегіндегі борыш – Отанға адал қызмет ету, ата-баба аманатын ақтау.



**ҚР Журналистер одағының мүшесі
подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Сурет шекара бөлімшесінен.



Сержант Серик Муратов – старший разведчик пограничного отделения «Убаган» Департамента ПС по Костанайской области. Его жизнь – пример того, как верность службе и любовь к спорту могут идти рука об руку.

Родился он в 1983 году в селе Адаевка Камышинского района Костанайской области, вырос в семье, где отец работал механизатором, а мать вела домашнее хозяйство. В ноябре 2001 года его призвали на срочную службу, где прошел подготовку в инженерном дивизионе в г. Алматы, затем служил в различных пограничных отделениях, постепенно продвигаясь от радиотелефониста до старшего разведчика. С октября 2022 года военнотру-

ПУТЬ К УСПЕХУ

жащий охраняет рубежи Родины в составе пограничного отделения «Убаган».

Спорт занимает особое место в его жизни. С юности увлекался футболом и волейболом, а уже в период службы активно занимался бегом, турником и брусками.

В 2022 году Серик впервые попробовал себя в арм-рестлинге и всего за три года стал кандидатом в мастера спорта, двукратным чемпионом области и многократным призером региональных соревнований.

В июне 2025 года на чемпионате Казахстана в г. Щучинске он завоевал две серебряные медали и получил право представить страну на чемпионате мира в Болгарии в категории «ветераны». Кроме того, в 2024 году он выполнил норматив мастера спорта по строгому подьему на бицепс (Федерация IPAF.kz) и стал рекордсменом РК.

– Быть пограничником – это не просто носить форму, это призвание и ответственность. Спорт учит терпению и дисциплине, а служба дает силу духа, – отмечает сержант.

В личной жизни Серик – пример заботливого мужа и отца. С женой Мирангуль они воспитывают двух сыновей: Азамата – студента 4-го курса КРУ им. Байтурсынова и Мадияра, который учится в 4-м классе. В семье ценят совместные ужины, поездки и традицию праздновать важные события вместе.

Сегодня его планы устремлены вперед – продолжать защищать государственную границу и с честью представлять Казахстан на международной спортивной арене.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из личного архива С. МУРАТОВА.

СОХРАНЯЯ ТИШИНУ ГРАНИЦЫ

Сержант Жигер Амантаев родился 16 мая 1985 года в селе Аралагаш Аккайынского района. В 2002 году окончил среднюю школу и поступил в Петропавловский экономический колледж, выбрав для себя направление юриспруденции. Уже тогда он понимал: дисциплина и знание закона – прочный фундамент для любой серьезной профессии.

После окончания колледжа в 2004 году был призван на срочную военную службу во Внутренние войска МВД, где он получил квалификацию командира отделения и сержантское звание. Первый командирский опыт дал ему понимание важности лидерства, ответственности за других и точности в выполнении приказов.

В 2006 году Жигер Сагынтаевич уволился в запас, но армия уже оставила в его характере неизгладимый отпечаток. И недолго думая, он решил связать свою судьбу с воинской службой всерьез и надолго.

В 2008 году парень поступил на контрактную службу в воинскую часть 2032 Пограничной службы, которая стала его вторым домом. С 2014 года он был назначен на должность оператора отдела боевого дежурства и ситуационного информирования.

С 2014 по 2025 годы отдел, в котором работает сержант Ж. Амантаев, претерпел кардинальные изменения. Техническое перевооружение, переход на цифровые системы, внедрение ситуационного анализа – все это превратило подразделение из дежурной смены в современный ситуационный центр.

Если раньше в арсенале были лишь телефон, рация и карта, то сегодня – автоматизированные системы мониторинга, спутниковая разведка, защищенные каналы связи, цифровые карты и аналитические платформы, позволяющие прогнозировать развитие ситуации.

Значительно возросла и профессиональная планка. Теперь операторы не просто фиксируют события, а анализируют, сопоставляют данные из разных источников, участвуют в выработке решений. Пограничник регулярно проходит обучение по использованию новых технологий, осваивает обновления в программном обеспечении, повышает квалификацию.

Такой труд не может остаться незамеченным. Жигер Сагынтаевич награжден нагрудным знаком «Қайсар» II степени – еще в годы срочной службы. В дальнейшем – медалями «Мінсіз қызметі үшін» III и II степеней. А в 2020 году был признан лучшим оператором по сбору и обработке информации в Департаменте ПС КНБ по СКО.

В 2009 году Жигер Амантаев создал крепкую семью с супругой Сабиной. Вместе они воспитывают двух талантливых дочерей. Старшая Асем – мастер спорта по спортивной акробатике, многократный призер республиканских и международных турниров. Младшая дочь Залина обучается в школе для одаренных детей имени Е. Серкебаева по классу домбры, стала лауреатом рес-

Служба на границе – это не просто работа. Это выбор быть первым, кто стоит между безопасностью и угрозой. И делать это каждый день.



публиканского фестиваля «The Legacy Show Art Spring 2025» и даже снялась в фильме «Мятный сон» детской киностудии «Мейрам».

Сегодня, оглядываясь назад, военнотружающий не говорит громких слов. Он просто делает свое дело честно, добросовестно, по уставу. Он прошел путь от солдата срочной службы до специалиста в одном из самых оперативных подразделений Пограничной службы.

Такие люди, как сержант Жигер Амантаев – это основа стабильности и безопасности. На них держится граница. И пока они на посту – страна может спать спокойно.



**Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».** Фото
из личного архива
Ж. АМАНТАЕВА.

ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ – ОТАНҒА АДАЛДЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ.



Әрбір шекарашының тағдыры – туған елінің тарихына қосылған асыл қазына. Осындай өнегелі жолды жүріп өткен азаматтардың бірі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің қойма бастығы сержант Кожамкулов Азамат Ринатович.

1983 жылдың 2 қарашасында Сарыағаш қаласында дүниеге келген Кожамкулов Азамат балалық шағынан бастап ізденімпаз әрі білімге құштар болып өсті. Ю. А. Гагарин атындағы №4 мектепті тәмамдаған соң, 2001 жылы Отырар университетінің тарих-география факультетіне оқуға түсіп, 2006 жылы дипломын алды. Отбасын құрып, өмірлік серігінің қолдауымен алдағы еңбекке тың серпінмен кірісті. 2006 жылдан 2011 жылға дейін Сарыағаштағы №10 интернат-гимназияда тарих пәнінің мұғалімі болып, жас ұрпақты білімге, отансүйгіштікке баулыды. Бұл кезең оның шыдамдылық пен жауапкершілікті бойына дарытқан кезең болды.

2013 жылдың 28 ақпанында ол Шекара қызметінің сапына қабылданып, алғашында атқыш лауазымында қызмет етті. Кейін аға жүргізуші ретінде жауапкершілігі мол міндеттерді атқарды. 2016 жылы Түркістан облысы бойынша департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің құпия бөлімшесі бастығының көмекшісі қызметіне тағайындалды. 2017–2020 жылдары құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімшесі бастығының орынбасары болып, жеке құрамның үйлесімді қызметін ұйымдастыруда тәжірибесін көрсетті. 2020–2021 жылдары ТИЖКЖ бөлімі бастығының көмекшісі ретінде жаңа белестерді бағындырды. Қазіргі таңда инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінде қойма бастығы ретінде сеніп тапсырылған мүлкіті ұқыпты пайдаланып, материалдық қордың сақталуын қамтамасыз етіп келеді. Оның адалдығы мен еңбекқорлығы бөлімнің беделін арттырып отыр.

Кожамкулов Азамат – көп балалы өке. Бүгінде 3 қызы мен 2 ұлын тәрбиелеп, оларға үлгі болып отыр. Отбасы – оның қуат көзі, ал балалардың болашағы – адал еңбегінің жемісі.

Сержант Кожамкулов Азаматтың еңбек жолы – табандылықтың, жауапкершіліктің және адал қызметтің көрінісі. Қызметтік міндетін абыроймен орындап қана қоймай, отбасына да арқа сүйер асыл өке атанып отырған азамат – жас ұрпаққа үлгі.

Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет инженерлік бөлімнен.

ҚЫРАҒЫ ШЕКАРАШЫ

Демек, өз басының мүддесін түріп тастап, ел шетінде, жел өтінде мұқалмас жігермен, қажырлы еңбекпен қас қақпай мемлекет шебін күзететін шекарашы болу қашанда мақтануға да, мақтауға да тұрарлық қызмет. Себебі, ұлттық қауіпсіздік - шекарадан басталса, ұлт келбеті - шекарашыдан танылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаменті «Найза» шекара бақылау бөлімшесінде бақылаушы лауазымында абыройлы қызмет атқарып жүрген қырағы шекарашы, үлгілі қызметкер сержант Көшкінбаев Саят Елубайұлы сияқты азаматтың адал еңбегін елге таныту арқылы назарын шекарашылардың шеберлігіне аударсақ, қоғамның да аталмыш мамандыққа деген ынтызарлығы арта түспек.

Қырағы шекарашы Павлодар облысы Екібастұз ауданы Өлеңті ауылының тумасы, қарапайым қазақ отбасының баласы. Ол мектеп бітіре салысымен Екібастұз инженерлік-техникалық колледжіне оқуға түсіп, 2009 жылы есептеуіш машиналар мамандығы бойынша арнайы орта білім алып шығады. Алғашқы еңбек жолын қаржы саласының техникалық маманы болып бастағанымен, көп ұзамай Отан алдындағы борышын атқару мақсатында 2010 жылы Қарулы Күштер қатарына әскерге шақырылады. Мерзімді әскери міндетін абыроймен атқарып келген жас сарбаз өзінің зейіні мен зеректігі арқасында білімін шыңдау үшін С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2016 жылы оны «Ақпараттандыру» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесінде бітіріп шығады. Білім қуған білікті азамат келесі кезекте осы университеттің магистратура бөліміне оқуға түсіп, «Техника және технология магистрі» бойынша оны да ойдағыдай аяқтайды.

Әр адамның маман ретінде белгілі бір саланың күрделі түйінін дәл тауып, шешіп, өмір жолында алған білімі мен кәсіби тәжірибесін толық

Адам баласы алғашқы қоғамдық құрылыс кезінен бастап-ақ белгілі бір мамандықты игеруге ұмтылған. Мамандық – адамның қабілет-қарымына, зейіні мен білігіне қарай оның қоғам алдында ететін еңбегінің ерекшелігі нем ой-санасы мен рухани өрісінің келбеті.

танытатын сәті болады. Саят та өз білімі мен білігін 2021 жылдан бері Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қатарына қабылданған кезден бастап кеңінен қолданып келеді. Алғашында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің шаруашылық тобының жүргізушісі болып бастаған жас маман 2022 жылы Алматыдағы Шекара қызметі академиясында өз біліктілігін арттырып, арнайы маман ретінде кіші бақылаушы, бақылаушы лауазымдарын атқарады. Шекара шебінен толассыз ағылып келіп, сабылып өтіп жатқан әртүрлі тауар айналымын бақылау, көлік тасымалын реттеу, жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын мұқият тексеріп, шекара бекетінен өткізу, тәуліктік наряд түрінде қырағы қызмет атқару, әскери адамға сай сырт келбетін сымбатты ұстау, моральдық этикетке сай болу, әріптестеріне көмек беру, үлгі-өнеге болу бүгінде сержант С.Көшкінбаевтың бұлжымас қағида-сына айналған. Осы уақытқа дейін оның қырағы қызметінің арқасында шекараны бөтен адамның құжатымен кесіп өтпекші болған, қос азаматтығы бар, шекарадан өтуге түрлі себептерге байланысты тыйым салынған бірнеше азаматтардың заңсыз шекара асып кетуіне тосқауыл қойылды.

Адал жары – Таңсұлу Нұрланқызымен отбасын құрып, екі ұл тәрбиелеп отырған үлгілі өке.

Жастайынан ән айтуға құмар сержант С.Көшкінбаев жыл сайын 18-та-

мыз күні Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрылған күніне орай ұйымдастырылатын «Шекара дауысы» ән байқауында Павлодар облысы бойынша департаментінің атынан өнер көрсетеді. Осылайша, майталман маман, қырағы шекарашы тек ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласының маманы ретінде ғана емес, ұлттық болмыс пен ұлттық өнерді өскерилер арасында насихаттау ісіне де өзінің өлшеусіз үлесін қосып келеді. Сонымен қатар, ефрейтор С.Көшкінбаев мықты спортшы ретінде де алдына жан салмайды. Ол мектеп жасынан бастап осы уақытқа дейін волейбол құрама командасында өнер көрсетіп жүрген әуесқой спортшы. Сол қабілетінің арқасында волейбол құрама командасының капитаны ретінде Шекара қызметінің атынан талай жарыстарға қатысып, бірнеше мәрте жүлделі 1 орындарды иеленіп келеді.

Сергіз қырлы, бір сырлы Саят шекарашы маман ретінде қызмет атқарып келе жатқан бес жылдан астам уақыт ішінде басшылық тарапынан бірнеше мәрте көтермеленген.

«Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайда?» дейді атам қазақ. Демек, ел ертеңі, ұлт абыройы, мемлекет мүддесі үшін шекара шебін тастүйін күзетіп тұрған бүгінгі кейіпкеріміз сынды барлық шекарашылардың жауапты қызметтеріне толағай табыстар тілейміз!

Майор
Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет ефр. С. КӨШКІНБАЕВТІКІ.



ЕРЛІКKE ТОЛЫ ҒҰМЫР



Ұлы Отан соғысы жылдары мыңдаған қазақ сарбазы майдан шебінде ерлік пен жанқиярлықтың нағыз үлгісін көрсетті. Олар өз өмірін қатерге тіге отырып, келешек ұрпақтың бейбіт өмірі үшін күресті. Сол батырлардың ерлігін ұмытпау – біздің азаматтық парызымыз. Соғыс ардагерлерінің ерлікке толы өмір жолын зерттей жүріп, мен Кеңесбай Қалиев есімді ардагер туралы құнды деректерге тап болдым.

Ардагер Кеңесбай Қалиев – екінші дүниежүзілік соғыста ерлікпен шайқасқан жауынгер, ел қорғау ісіне бар ғұмырын арнаған шекара қызметінің ардагері. Майдан даласындағы батылдығы мен табандылығы арқылы ол өз қатарластары арасында зор беделге ие болған. Соғыстан кейін де ел тыныштығын қорғау жолында адал қызмет өтіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінде ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Ол шекара шебінде жүріп, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосты. Қиын кезеңде темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Жас сарбаздарға тәлім беріп, оларды отансүйгіштікке баулыды. Бұл – жай ғана қызмет емес, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін күзету жолындағы

жауапкершілігі зор жұмыс.

Зерттеу барысында белгілі болған бір ерекше жайт – ол Шекара қызметінде әскери-медициналық бөлімдерде жұмыс істеп, сарбаздардың жарақатын емдеу, медициналық көмек көрсету сияқты аса жауапты міндеттерді атқарған. Сонымен қатар, облыста денсаулық сақтау басқармасында да өз үлесін қосқан. Ол медициналық қызметкер ретінде де жоғары тәртіп пен адамгершілік ұстанымын ұстанып, өз ісіне адал болған. Медицина мен әскери қызметті қатар алып жүрген жан ретінде Кеңесбай Қалиев – нағыз жан-жақты маман әрі азамат болғаны жайлы халық әлі күнге дейін айтады.

Ол кісінің елге сіңірген еңбегі мен ерлігі ескерусіз қалған жоқ. Ол Қызылорда облысының

«Құрметті азаматы» атанып, халқына қадірлі тұлғаға айналды. Бұл атақ – жай ғана марапат емес, өмір бойы елге адал қызмет еткен адамның еңбегіне берілген үлкен баға. Бүгінгі таңда біз бейбіт өмір сүріп, тыныш күн кешіп отырмыз. Бұл ерлік пен жанқиярлықтың арқасында мүмкін болғанын ұмытпауымыз керек. Кеңесбай сынды азаматтардың өмір жолын мақала ретінде сіздерге ұсыну мен үшін тек тапсырма емес, үлкен жауапкершілік пен құрметтің белгісі болды.

С.Қалиевтің өмірі – отансүйгіштік, ерлік, адалдық пен еңбекқорлықтың нақты үлгісі. Оның майдандағы ерлігі де, шекарадағы қызметі де бүгінгі ұрпаққа үлкен тағылым. Осындай тұлғалардың есімін ұлықтап, өмір жолын зерттеп, жас буынға үлгі ету – әрбіріміздің азаматтық борышымыз деп білемін.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«ОС-ЧР».
Сурет желіден.

ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ЗАРДАБЫ

1949 жылдың 29 тамызы - қазақ халқының басындағы ең қайғылы күн деп санауға болатын тарихи кезең. 1949 жылдың 29 тамызынан 1989 жылдың 19 қазанына дейінгі 40 жыл аралығында қазақ елі, жері, табиғаты сол кездегі бодандықтың салдарынан Семей ядролық сынақ алаңының (СЯСА) зардабын тартып келгені ақиқат. Осы турасында «Семей-ЯП» қоғамдық қорының және «Астана қаласы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қоғам қайраткері Әбдікәрім Болатбекке көкейдегі сауалымызды қойдық.

– Әбдікәрім Исаұлы, «Семей ядролық полигонының» зардабы жөнінде айтып өтсеңіз?

– «Семейдің қасыреті» бұл – Японияға тасталған атом бомбасының зардабынан және Чернобыль апатының салдарымен салыстырылғанда мыңдаған есе асып түседі. 1989 жылдың 19 қазанында ең ақырғы атом бомбасының сынағы Семей ядролық сынақ алаңы тарихындағы ең соңғы сынақ болып тарихта мәңгі қалды. Ғалымдардың айтуынша, оның зардабы 100 мың жылға дейінгі ұрпақтарға жалғасуы мүмкін.

– Осындай қоғамдық қор құрып белсенділік танытуыңызға қандай себеп болды?

– СЯСА зардабын тартқандардың әлеуметтік мәселелерін шешу жолында 2007 жылы «Семей-ЯП» қоғамдық қорын аштық. Семейге бара қалсаң, әсіресе

полигонға жақын ауылдарға жолыңыз түссе, соқыр, ауру, мүгедек болып қалған талай адамды көруге дәтің шыдамайды. Біз шұрайлы жерімізден ғана емес, тұтас бір ұрпақтан айырылды. Міне, осындай себеп-салдарды сәл де болса жеңілдетіп, көмек қолын созу мақсатымен құрылған «Семей-ЯП» қоғамдық қоры қазіргі таңда жұмысын жалғастыруда.

– Қазір ядролық сынақтан зардап шеккендерге қандай көмек көрсетіп жатырсыздар?

– Астана қаласының үкіметтік емес ұйымының бірі ретінде «Семей – ЯП» қоғамдық қоры мен «Астана қаласы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі өз тарапынан мүмкіндігі шектеулі азаматтарды, ауған соғысының қатысушыларын, Чернобыль апаты мен Семей ядролық полигонындағы сынақтардан зардап шеккен азаматтарды жұмысқа орналастыру ісіне көмектесуде. Қазіргі таңда Астана әкімдігі мен Жұмыспен қамту орталығының қолдауымен жұмысшылар қабылдаудамыз. Арнайы шеберхана ашып, өз күшімізбен жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. СЯСА-ның зардабын тартқандар мен мүгедектерді Алматы мен Астана қалаларында орналасқан госпитальге емделуге және Республикалық деңгейдегі санаторияларға баруға мүмкіндіктер жасадық.


– Сізді алаңдататын шешілуге тиісті қандай мәселелер бар?

– Семей полигонының әлі де шешілуге тиісті мәселесі жетерлік. Полигон зардабын қазақтың талай қаракөз балалары әлі тартып келеді. Бұл бүкіл әлемге белгілі. Полигоннан зардап шеккен балалар балалықтың тәтті кезеңін сезіне алмай, төсекке таңылып, іштей қор болып жатыр. Сондай-ақ, Семей облысын таратқан



да полигон зардабын тартқан аудандарда тұрып жатқан және көшіп кеткен тұрғындар әлі күнге дейін тиісті полигондық құжаттарын ала алмай жүр. Бүгінгі таңда осы келеңсіздіктермен күресуде заңнамалар әзірлеп Ресей мен Жапонияның заңындай тиісті деңгейге жеткізіп, ақиқаттың бетін толық ашатын уақыт келді. СЯСА-ның аумағы қанша жерге толық жайылды және оның бүгінгі таңдағы жағдайы туралы толық зерттеліп, нәтижесі ашық айтылуға тиіс.

СЯСА-ның әлеуметтік мәселерін ретімен оңтайлы шешу үшін, «Халықтық қордың» демеушілігімен екі бағытта



халықаралық туризм құру маңызды. Қиындықты бірлесіп шешу үшін еліміздің қайырымды азаматтарынан мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек қолын созып, қолдау көрсетуге, бірлесе жұмыс істеуге шақырамыз.

Қосымша мәлімет алу немесе көмек көрсету үшін «Семей-ЯП» қоғамдық қорына +7 701 518 29 24 нөмірі арқылы хабарласуға болады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Подполковник Ж. КЕМЕЛ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
қатардағы жауынгер Д. КУАНЫШЕВ.

Құрметті анашым!

Сәли саған, анашым! Менің жүрегімнің түбінен сені ұшағтаймын. Әскерге келгеніме алты айдай уақыт болды, бірақ сенің жолулар пен қамқорлаған әрдайым менімен бірге. Теуізде, Сарбазда қызмет студемін, әр күн сайан үйді, сенің үніңді, көңіліңді сағанап жүремін.

Әр таңам сенің үйдегі мейірімділігің мен сабақтарыңды есіме салады. Қандай жаздай болса да, сенің берген тәрбиені мен ақыл-кеңестерің мені өлсе жетелейді. Бұл жердегі күндер өте тез өтіп барады. Әр қиындыққа сенің батан мен тілектерің күш береді.

Қазіргі уақытта өмірдің бар-сырын түсініп, ержүрек, батан бауға тәрбиеленемін. Нәме де, үлкен бір әлем сияқты. Әрбір таңдам мен аяқас мені әлдеқайда шыңдай түсуде. Бірақ мен бәрін сен үшін, сенің көздеріңнен көруге балатан қуаныш үшін жасаймын.

Кейде өзімді үйде, сенің қасыңда балғандай сезінемін. Сағанғам, анашым. Сенің жан-жақты қамқорлаған мен үшін ең үлкен қолдау. Менің күш-қуатым сенің мейірімдіңде. Табиғатта, мен аман-есен, сенің ұлыңды ақтауға бар күшіңді салып жүрмін, көп ұзамай үйге де ораламын, анашым!

Жолап лебізбен ұлпықтай

Асан



ФОТОЭТЮД

ПОЭЗИЯ



ШЕКАРАШЫ

Жеріміз кең ата-бабам қалдырған,
 Ұшқан құстың қанаттарын талдырған.
 Тау тасымды, өзен-көлді, шөлімді,
 Күзететін шекарашы майталман.

Шекарашы болу деген абырой,
 Оған керек терең білім, ақыл ой.
 Ақыл менен күшті бірге алатын,
 Қызметіне ақтық демін салатын.

Қиындықтар болады басымызда,
 Құдайым бар көмектесер қасымызда.
 Мойымаймыз, кеудемізді жерге қағып,
 Өйткені мақсаттар бар алдымызға.

Құттықтаймын бүгінгі батырларды,
 Еңбектерің елеуленді, адалданды.
 Мақсаттарың айқын болып болашаққа,
 Болыңдар еркекке сай салқынқанды.

Аға лейтенант Ж. ТАНЖАРБАЕВ,
«Аткөл» шекара бөлімшесі
бастығының орынбасары.